

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жиенғали Тілепбергенов - редактор, сыншыл публицист.

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.03.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/135094/>

Жиенғали Тілепбергенов - редактор, сыншыл публицист.

ЕЛАМАН Асылжан,**Журналистика факультетінің****1-курс студенті**

Жиенғали Тілепбергенов 1895 жылы Темір ауданында дүниеге келген. Жиенғали Әділұлы Тілепбергенов-жазушы, драматург, редактор, сыншыл публицист.

1918 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірді. «Ғалия» медресесін аяқтаған қазақ балалары 1915-1918 жылдары медреседе «Садақ» қолжазба журналын шығарды, Бейімбет Майлиннен кейін, осы журналдың редакторы Жиенғали Тілепбергенов болды. Конжар, Қандыағаш мектептерінде мұғалім, Темір аудандық білім бөлімінің инспекторы, Ақтөбедегі «Кедей» газеті редакторының орынбасары, Петропавлдағы «Бостандық туы» газетінің редакторы, Қызылорда қаласындағы Халық ағарту институтының оқу-тәрбие жұмысының жетекшісі, «Сыр бойы» газеті редакторының орынбасары, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік баспасында жұмыс істеді.

Кезінде Ғалия медресесінде оқыған башқұрттар “Парлақ”, татарлар “Аң”, черкестер “Ләгуә”, қазақтар “Садақ” деген қолжазба әдеби журналдар шығарып тұрған. Уфа қаласында 1915 жылдың 9 қарашасынан шыға бастаған бұл басылымның ұйымдастырушы, шығарушылары - Бейімбет Майлин мен Жиенғали Тілепбергеновтар болды. Бірақ Б. Майлиннің науқастанып еліне қайтып кетуіне байланысты “Садақты” 1915 жылғы 3-санынан бастап Ж.Тілепбергенов редакциялайды да, шығарушы міндетін “Қазақ ұйымы” атқарады. “Журналымыздың мақсаты - оқуға кеткен қазақ жастарына жол-жоба көрсетіп, қалам ұстауды сөз жазуды үйрету, өткендегі өмірдің жақсылық жағын өнеге етіп, жаманшылығынан безіндіру болып табылады”, — деп жазды редакция алқасы.

Қолжазба бетінде жарияланған материалдар түрлі мәселені қамтыған. Алғашында

Ж.Тілепбергенов өз мақалаларына «Жекей» бүркеншік атымен қол қойды. Жиенғали өзінің тырнақалды өлең, әңгіме, мақалаларын осы журналда жариялап, ұстаздық, ақындық, жазушылық қызметін бастады. Мысалы, ол “Жазғы көш” деген әңгімесінде жайлауға көшу сәтін, жол бойғы қыз-жігіттердің ат жврыс, көкпар ойындарын, шырқаған әндерін нанымды суреттейді. Әсіресе, оның байдың жылқышыға ұрсып жатқан сәтін, жастар думанына торы шолақ атын тақымдай шаба жөнелген кедей баласының жақын қылығын бейнелеуі де сол кездегі ауыл бейнесін көз алдыға айқын елестетеді.

Ахмет Қуанұлы өз өмірбаянында былай деп жазды: «Хусаин Ашғалиев (мұғалім, Ахмет бітірген Уркачев училищесінің меңгерушісі.) біздің ауылдың рухани ортасы менің музыкалық болашағыма, кітаптарға, әдебиетке деген сүйіспеншілігіме, Зияткерлік дамуыма – Жиенғали Тілепбергенов пен Құдайберген ағам әсер етті». Осы арқылы Жиенғали Тілепбергеновтың өз ортасындағы жастарға, құрдастарына әдебиет, тіл салаларында білгенін үйретіп, көмек қолын соза алғандығын, тіпті халықтың “Зияткерлік дамуына” да титтей болсын өзіндік үлесін қосқандығын байқаймыз.

Ж.Тілепбергеновтың сыншылығы туралы да айтып өткен жөн. “Садақтың” 1917-1918 жылдардағы оныншы санында қатарынан Халелидден Жүсіпұлы Сарталиевтің “Мақтым” деген ұзақ повесі жарияланған. Міне, Жиенғали осы шығармаға талдау жасап, сын жазу барысында оның кемшіліктерін, роман дәрежесіне жете алмағанын, егер қайта құрып өңдесе баспаға ұсынуға болатынын атап көрсеткен.

Жиенғали Тілепбергенов «Денсаулығының нашарлауына байланысты 1931 жылдың аяғында Отанына оралды. Егер оның 1931 жылы 2 мамырда өңірлік партия комитеті жанындағы Емдеу Комитетіне жазған мәлімдемесіне көз жүгіртсек, 1927 жылы жазушы туберкулезбен ауырғанын көруге болады», — дейді

Жазушының тағдырын зерттеген тарихшы ғалым Г. Ниязова: «аурудан шаршап, аштықтан қатты зардап шеккен жазушыны соңғы сәтке дейін партия комитетінің қызметкері бақылаған. Ашуланған Жиенғали партиялық билетін оны бақылап отырған қызметкерге тастады. Мүмкін ол саясатқа қарсылық көрсеткісі келген шығар». Мүмкін, оның үйін бақылап отырған аудандық шенеуніктің отбасы, кішкентай балалары аштыққа ұшыраған кездегі мінез-құлқы жазушының ерте қайтыс болуына себеп болған шығар.

Досына шағымданған талантты жазушы,» мен үшін ең қиын нәрсе – аурудан емес, аштықтан өлу», 1933 жылы қайтыс болды. Жиенғали Тілепбергеновтің қайтыс болуына байланысты «Социалды майдан» газетінің 1939 жылғы 19 сәуірдегі 20-шы санында некролог жарияланды.